



МЕРЕЙ

Туған күніңмен

20

Астана!



ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ

БОЛАТ НАЙЗА

немесе ТАРХАН
ЖӘНІБЕК ТУРАЛЫ
НЕ БІЛЕМІЗ?



Мемлекетаралық байланыстарды бейбіт жолмен дамытудың пәрменді тетігі ретінде сауда-саттықты, экономикалық мүддені бірінші кезекке қойғанынан болашақты батыл болжай алғанын байқау қиын емес..

(Толығырақ 5-бетте)



САЛЫҚТЫ
ДЕР КЕЗІНДЕ
ТӨЛЕ!

АЛТЫН КЕСЕДЕГІ
КӨЛ «ЖАСЫ»

МҰҚАҒАЛИ
БЕЙНЕСІ ӘЛІ
ЕСІМДЕ

ҰЛЫҚТАЛҒАН
ҰЛЫ АСПАП

on the web
JASQAZAQ.KZ

ДАУДЫҢ БАСЫ

АРЫ ТАРТ пен БЕРІ ТАРТ



Қыстақтардың дәл іргесінен рұқсат берілген аумақтың айналасында «геологиялық зерттеу жүргізілуде» деген ешқандай белгі, жазу жоқ. Маңында жұмысшылары ғана жүр. Мәселе жергілікті билікке де жақсы таныс.

(Толығырақ 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
78,05

DOLLAR
343,07

EURO
399,13

РУБЛЬ
5,43

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

ҰБТ асу бермес
бел болды ма,
11 жыл сүйрегенім
«нөл» болды ма?



(Жалғасы
3-бетте)



168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БИЛІК

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Мемлекеттік туды көтеру салтанатты рәсіміне қатысты. Мемлекеттік тудың дәстүрлі түрде Астана күні қарсаңында көтерілуі осы жалпыұлттық мерекенің мәртебесін асқақтата түсетіні анық.

ұқсамайтын көк байрағымызды дүниежүзі мойындады», — деді Мемлекет басшысы. Сондай-ақ еліміздің сыртқы саясатының бейбітсүйгіш сипатын, Қазақстанның Қарулы Күштері үшін әскери кадрларды сапалы дайындаудың маңыздылығын да атап өтті. Елбасы «Сіздердің әскери қызметтеріңіз бейбіт жағдайда өтсін деп тілеймін. Бірақ

орындарының үздік түлектері офицерлік шен алады. Сіздер арқылы осы жылы оқуын бітіріп жатқан жас офицерлердің бәрін құттықтаймын. Осы сәттен бастап сіздерге Отан қорғау, Қазақстан азаматтарының бейбіт өмірі мен тыныштығын күзету үшін күрделі де мәртебелі миссия жүктеледі. Сіздер ұлы бабаларымыз аманат еткен қасиетті борышты лайықты атқаруларыңыз керек. Бүкіл өмір



ЕЛДІҢ АЙБЫНЫ

Елбасы аспан түстес көк туымыз Астананың қалыптасуы мен бүкіл еліміздің даму жолын айшықтайтынын, батыр бабаларымыздың біздің зор жеңістерге жетуімізді тілеп, әрдайым туды тік ұстауды өсиет еткенін айтты. «Қазақстан халқы барлық жетістікке көк байрақтың астында қол жеткізіп келеді. «Қазақстан, Тәуелсіздік, Астана» деген түсініктер біздің мемлекеттігімізбен, болашағымызбен біртұтас ұғымға айналды. Қазақстан — біздің жалғыз Отанымыз. Тәуелсіздік — орындалған арманымыз. Әлем елдері туларының ешқайсына

мемлекет әрдайым өзінің қауіпсіздігі мен шекара бүтіндігін ойлауға тиіс. Сондықтан біз офицерлерімізді тәуелсіз Қазақстанның жана жағдайында, жана Қарулы Күштеріміз үшін оқытып, тәрбиелейміз. Әскери қызметті лайықты атқарудың үлгісін көрсетіңіздер», — деді. Мемлекет басшысы жас офицерлерге арнаған сөзінде мемлекеттік туға зор құрмет көрсету Отанды сүюмен бара-бар екенін атап өтті. Бұл қазақстандық патриотизм құндылықтарын және еліміздегі ұлттық бірегейлікті нығайта түседі. Н.Назарбаев «Бүгін әскери оқу

жолдарыңызда офицерлік атақты үлкен абыроймен алып жүріңіздер!» — деді.

Салтанатты рәсім барысында Қазақстан Президенті — Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас қолбасшысының қолынан еліміздің жоғары әскери оқу орындарының 12 үздік түлегі Қарулы Күштердің офицерлік шенін алды. Салтанатты рәсімнен кейін Нұрсұлтан Назарбаев барша жұртты Астананың 20 жылдығымен құттықтап, Қазақстан халқына бақ-береке тіледі.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

7

млн теңге. Семейлік тұрғынның өтірік айтқаны үшін төлейтін айыппұлы

26

Көшеге Түркістан облысында «Астана» атауы берілді

30

Ауыл балалары шетелде оқуға грант алды

Заң ортақ

Еліміз Сингапурмен сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты жыл өткен сайын дамытып келеді. Бұл туралы Астанада Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев пен Сингапурдың Қазақстандағы резидент емес өлшісі Зүлқиfli Бахарудин арасында өткен кездесуде жан-жақты айтылды.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОЛЫМЕН

Жүзлесу барысында жасыл экономика, бизнес, логистика және қаржы жүйесін дамыту мәселелері талқыланды. Тараптар сот жүйесіне цифрлық технологияларды енгізу және Smart City жобаларын іске асыруда оң нәтижеге жету жөнінде пікір алмасты. Б.Сағынтаев еліміздің Сингапурды Оңтүстік-



Шығыс Азия мен АСЕАН аймағындағы негізгі серіктес ретінде қарастыратынын атап өтті.

Айта кеткен жөн, өткен жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 123,7 млн долларды құрады. Бұл алдыңғы жылғы көрсеткішке қарағанда, 32 млн долларға артық.

7 сөз

«Өз үйім»: 7 пайызбен пәтер алуға болады

Серіктестік

Салық кодексіне енгізілген толықтыру мен өзгертуге сәйкес, банк операцияларын

Бұдан былай салық төлемегендер банктен есепшот ашып, несие рәсімдей алмайды. Бұл туралы мемлекеттік кіріс мекемесі хабарлаған.

САЛЫҚТЫ ДЕР КЕЗІНДЕ ТӨЛЕ!



жүргізетін банк пен ұйым салық борышы немесе әлеуметтік қарызы бар тұлғаларға есепшот ашпайды. Сөйтіп, 1 шілдеден бастап салығын төлемеген тұлғалар банктен өздеріне жеке есепшот аша алмайды. Тіпті ақша аударып, несиеге тұрмыстық

техника немесе ақшалай несие де ала алмайды. Салықтан жалтарған азаматтар 1 шілдеден бастап жұмысқа тұрса, жалақысын да ала алмайды. Өйткені жұмыс берушілер көбіне жалақыны банк картасына аударады.

Зүлфия БАЙСАҚОВА,
Қазақстан дағдарыс орталықтары одағының жетекшісі:



«Мен өзім ұзақ жыл мұғалім болған, үш буын тәрбиелеген ұстазбын. Әрине, электронды күнделік – тамаша идея. Дегенмен сынып жетекшісі мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жоғалтып алдық. Бала тәрбиесін бетпе-бет талқылап, ымыраға келетін мүмкіндік жоқ. Оның барлығын электронды күнделікте көрсетіп, жаза алмайсың. Біз осы электронды күнделіктің кесірінен алдымен балалардан, содан кейін ата-аналардан айырылып отырмыз. Себебі олар тек күнделікті ғана қарайды»

Ерлан САҒАДИЕВ,
білім және ғылым министрі:



«Соңғы жарты жылдықта ата-аналар жиналысына келушілердің саны 4 есе көбейген. Егер біз дұрыс кеңес жүргізсек, бәрі де қалыпқа түседі. Күнделік екі жақтың байланысын үзу үшін әдейі жасалған дүние емес. Бұл бар болғаны мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге арналған жоба. Бұрынғы күнделіктер оқушының бетін қайтарып, мысын басып тастайтын. Себебі 1-сыныпқа келген баланың әр қимылы цифрмен бағаланды. Ойлап қараңызшы, 2 жасында бүлдіршін сөйлеуді үйренсе, оның әрбір айтқан сөзіне: «Отыр - екі, отыр - үш, жарайсың - бес!» деп отырсақ, не болады? Қазір оқушының 4 тоқсандық білімін күнделікпен емес, басқалармен салыстырып, бағалайды. Осыдан кейін бала сабаққа келуден қорықпайды. Керісінше, оқушы ашыла түседі»

Әлеумет.t⁰



Жақында Болгария телеарнасының түсіру тобы мұрағаттағы құжаттарды копарып жатып, мынадай қызық жайтқа кездесіпті. София қаласындағы Александр Невский шіркеуіне ең қомақты қаржыны (40 мың еуро) Добри деген қайыршы аударыпты. Ал Добри қайыршыны София тұрғындары жақсы таниды. 100 жасқа келген қария күнделікті собор алдында қайыр сұрап отырады. Түскен ақшаның бір тиынын да жеке басына жаратпайды. Болгариядағы шіркеулерді қалпына келтіру қорына апарып өткізеді. Өзі азғантай ғана зейнетақысы мен жанашыр жандардың әкеп берген азық-түлігін талғажау етеді. Үстіндегі тозған киімін қысы-жазы тастамайды. Қайыршылықтан түскен қаржыны тек қайыршылықтық мақсатқа жұмсайды. Бірде

қалтасындағы ақшасын санаудан аулақпыз, әрине. Бірақ... Байлықпен емес, білім мен ғылым үйренуге талассак қой деген ой ғой, біздікі. Байлықты босқа шашқанша, сол жастардың қажетіне жарат. Тіпті одан қалса, талантты, бірақ оқуға қаржылай мүмкіндігі жоқ жастарды жарылқа. Үйсіз-күйсіз жүргендеріне үй әпер. Жығылғанға демеу бол. Сүрінгенге сүйеу бол. Обал мен сауапты сезінбесен, жинағаныңды жақсылыққа жұмсай алмасаң — жомарттығыңның құны көк тиын емес пе?! Мұны басымызға сыймай, тасып бара жатқан ақыл емес, ағайынның базынасы деп түсінгеніңіз абзал. Сөз соңында тағы бір қызық ақпаратқа сілтеме жасайық. 2015 жылы Ұлыбританиядағы

ЖҮГЕН ТИМЕС «ЖОМАРТТЫҚ»

жинаған қаржысын түгелімен жарық пен жылу ақысын өтей алмай отырған балалар үйінің коммуналдық қызмет төлеміне жұмсапты. Үйсіз-күйсіз жүрген жандарға да қолынан келгенше жақсылық жасайды. Әйтеуір, қиыны қашқан тіршілікке нәр береді. Жүрекке үміт отын жағады. Жомарттықтың жөні осындай болса керек-ті.

Ал қазіргі қазақтың тойындағы ысырапшылықты неге теңеуді білмейміз. Қайбір жылы Ыстамбұлда аста-төк той жасап, алтын теңгеден шашу шашқан қазақтардың «мырзалығына» тұтас Түркия таңдай қаққан еді. Осыдан екі-үш жылдың алдында Дубайда ұлан-асыр той жасағандар да болды. Әлгі қалталылар жүз адамның ары-бері әуе билетін әперіп, қазақтың тойын араб жерінде дүбірлеткен жоқ па? Енді, міне, ғаламторды Маңғыстаудағы беташарда долларлап ақша шашқан «шашудың» бейнетаспасы кезіп жүр. Тағы бір видеода шашуға сегіз автокөліктің кілтін шашқан «Атымтай» көзге түскен. Бұл не даңғазалық? Неғылған бітпейтін «понт»? «Шығының неғұрлым шығымды болса, шаңыраққа түскен келін келісе қалады» дегенді кім айтты? Біреудің

Charities Aid Foundation қоры әлем елдерінің жомарттығы жайлы арнайы зерттеу жасап, рейтинг құрыпты. 145 мемлекет арасында бірінші орынды Мьянма, екінші орынды АҚШ, үшінші орынды Жаңа Зеландия халқы иемденген. Посткөнестік мемлекеттер арасында Қырғызстан 18, Қазақстан 56, Украина 89, Беларусь 103, Ресей 1129 орында екен. Құдайы көршіміз Қытай 144 орын алса, Қара құрлықтағы Бурунди ең соңғы 145 орыннан көрінген.

Бұдан туатын қорытынды: бізге соншама әуре болып, босқа араптер болудың қажеті жоқ. Бірінші орын бізге бәрібір бұйырмайтын түрі бар. Одан да әлемді шошытқан дарақылдыққа жүген салып үйренгеніміз жөн-ау!..



Токтар ЖАҚАШ

Даудың басы

«Жер-суды қадағалайтын заң бар ма? Бассыздыққа тыйым бола ма?» Қарағанды облысындағы Шет ауданының тұрғындары осылай шулап отыр. Себебі геологиялық зерттеу жүргіземіз деген серіктестік шаруа қожалығының келісімінсіз оның жерінде қазба жұмыстарын бастап кетіпті. Ескі шахтаның беті ашылғалы ауылда мал өлген. Ал түсті металл іздеген компания егер кеннің қоры мол болса зауыт салып, елді жарылқаймын деген уәжін алға тартады.

АРЫ ТАРТ пен БЕРІ ТАРТ

Шет ауданына қарасты Кәрім Мыңбаев, Қызылтау ауылдарының іргесіндегі алқаптарды бірнеше шаруа қожалығы ен жайлап отыр. Мемлекеттен қаржылай қолдау алып, ауыл шаруашылығының дамуына да атсалысуда. Бірақ былтырдан бері шаруаның шырқы бұзыла бастаған. Себебі жазғытұрымнан жекеменшік серіктестік осы маңнан геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуде. «Мыналарын не десең, шаруан болмасын аулақ жүріңіз дейді. Мына жерге үлкен өндіріс түсетін болса белгі қойып, бізді көшірсін. Әйтпесе, мына бассыздыққа тыйым бола ма. Үкімет бар ма бізде, жоқ па? Жер-суға деген зандылық бар ма?», — дейді Қызылтау ауылының тұрғыны Бәдуан ақсақал.



49 жылға осы аумақты жалға алып, мал бағып отырған қожалықтар жетекшілерінің сөзінше, даудың басы былтыр басталған. Шаруа қожалығының жетекшісі Ербол Биканын әлгі компанияға өкпесі қара қазандай. Ол ренішін былай жеткізді. «Алтын, күміс, қазба байлыққа сараптама жасаймыз деген бастамамен жерімізді қопарып жатыр. Құжаттарын былтыр тексертіп көрдік, заңсыз екен. Жердің үстін жалға алғанымызбен, асты мемлекеттікі ғой. Занды органдарға



шағымданған соң, техниканы алып, істі тоқтатқан. Биыл қайта бастады».

Компания биыл құр қол келмеген. Инвестиция және даму министрлігінің геология комитетінен рұқсат алыпты. Жергілікті әкімдік қаулы шығарып берген. Алайда жерді мал шаруашылығы мақсатында пайдалану үшін жалға алған жеке қожалықтармен келісім жасалмаған. Тек жерді жалға алған шаруашылық емес, осы маңайдағы қожалықтарда мал-жанға зияны тие ме деп алаңдап



бәрін жинап, адамдарымызды жіберіп түсіріп алдық. Енді келісімшарт талаптары сақталмағанына байланысты бұл істі тоқтатамыз», дейді.

Бір қызығы, дау-дамайды біле тұра, ол жерге аудандағы атқарушы биліктен жан баласы бармаған. Барлығы ауыл әкімінің сөзіне сеніп жүр. Біздің көзімізше хабарласып тапсырма берді. Дегенмен, екінші тараптың да айтар уәжі бар. Түсті металдың қорын іздеп жатқан аймақ 19- ғасырдан бері зерттелмеген. Егер кен байлықтың көзі табылса, сол жерде өндіріс орнын ашпақшы. ЖШС директоры Айдос Хасеновтың айтуынша, бұлар ол кісімен келісімшартқа отыруы керек. «Мен өзім үш рет барғанмын. Ол кісі қашқақтап, әр түрлі себептермен бізбен келіспей отыр», — дейді фирма жетекшісі.

А.Хасенов бұл жерде ешқандай заңбұзушылыққа жол беріліп жатқан жоқ деген пікірде. Ол «Бүгінгі күнгі мақсатымыз — сол жердің қорын тексеріп қорғасынның қорын анықтау. Егер кеннің қоры болса Ақадырлан өндіріс нысанын ашуды көздеп отырмыз», — дейді.

Алайда ЖШС рұқсатты биыл алғанымен, техникасын былтыр апарып қойған көрінеді. Мұндағылар заңдағы өзгерістерге байланысты құжат жинау мәселесі созылып кеткенін алға тартады.



Бір анығы геологиялық зерттеу басталып кеткен. Бір қызығы, серіктестіктің мұндай өндіріс орнын ашу жоспары туралы жергілікті биліктен ешкім жак ашпады. Тіпті атқарушы орган шағымданған шаруа қожалықтарының хатына да жауап жазбаған деседі. Мамырда жазған хатқа атқарушы мекеме жауап дайындапты. Бірақ мекен жайы көрсетілмей, әкімдіктен кеткен хат қайтып келіпті. Алақандай ауылдан «шағымданушының үйін таба алмапты» дегенге сенгін де келмейді.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Қарағанды облысы

QOƢAM ЖҚ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Оқыс оқиға

Алматы облысының Шелек ауылын бір сәтте аяғынан тік тұрғызған оқыс оқиға болды. Елді мекендегі орталық аурухананың ауласында үш адамның өмірін қиған төтенше жағдай бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу жұмыстары жүріп жатыр. Алматы облысының баспасөз қызметі берген ақпаратқа сүйенсек, қайтыс болғандардың екеуі – сантехник, үшіншісі – 34 жастағы дөрігер-травматолог. Ал 30 жастағы дөрігер аурухананың жан сақтау бөлімінде жатыр. Мамандар оның жағдайы бірқалыпты дейді.

Оқиға қалай болды? Қолда бар «Астана» арнасының мәліметтеріне сүйенсек, оқыс жағдай білместіктен емес, абайсызда орын алса керек. Ауылдағы орталық аурухананың кәріз құдығын тазалау үшін сантехник қару-жарағын асынып, құдыққа түседі. Көп ұзамай құбырдағы улы газға уланып, есінен танып қалады. Оны

Данияр Мергенбаевтың артында екі қызы жетім қалды. Осыдан екі ай бұрын ғана олар анасынан көз жазып қалған. Д.Мергенбаевтың әкесі Нұрсалбек Мергенбаев «Оқиға орын алған күні жүгіріп жан сақтау бөліміне бардым. Даниярдың кеудесіне «жасанды тыныс алдыру» жасап жатты. Айқайлап едім, «дәрігерлерге кедергі келтіресіз» деп басқа

АБАЙСЫЗДА АЖАЛ ҚҰШҚАНДАР



күтқаруға келген көмекшісі де сол жерде құлайды. Екі сантехникті күтқару үшін ақ халаттылар көмекке келеді. Алайда алғашқы дөрігер-травматолог та, артынша келген отыз жастағы әріптесі де зәрлі газдан құлапты. Бірақ сонынан келген дөрігердің су ішері бар екен.

Ажалдың айтпай келетіні рас. Әлгі төтенше жағдай болатын күні танертен жұмысқа аман-сау аттанған атпалдай үш азамат жарық дүниеден қоштасты. «Сор» құдыққа бірінші түскен Өмірбай Естемесовтің артында жары мен жалғыз қызы қалды. Небәрі 45 мың теңге айлық алатын ол отбасының жалғыз асыраушысы еді. Ө.Естемесовтің жары Эльмира Үркенбай күйеуіне қауіпсіздік ережесін сақтап, абайлап жүр деп

бөлмеге алып кетті. Сол күні кешке баламның өмірі үзілгенін жеткізді. Құлынымның артында жәудіреп екі қызы қалды. Екеуі де бастауыш сыныпта оқиды», — дейді.

Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық орталық ауруханасы директорының міндетін атқарушы Дидар Айтжановтың айтуынша, окыс оқиға болған күні аудандық, тіпті облыстық ауруханадан арнайы бригада көмекке келген. Дөрігерлер қанша күш салғанымен, уланған азаматтардың жанын сақтап қалу мүмкін болмапты.

Алматы облыстық ішкі істер департаменті аталған дерекке қатысты тергеу жұмыстары басталғанын хабарлады. Облыстық ІІД ресми өкілі Көбейхан Нұрахмет «Аталған



жайт сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай реестеріне тіркелді. Қазір Қылмыстық кодекстің 156-бабының 4-тармағы, яғни «Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу» фактісі бойынша тергеу жұмыстары басталды. Екі не одан да көп адамның өліміне әкеп соққан іс-

әрекет бойынша 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы мүмкін. Облыстық ішкі істер департаменті бұл істі қатаң бақылауында ұстайды», — делі.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Әуе компаниясы

«Әйр Астана» әуе компаниясы Астананы 20 жылдығымен құттықтайды. Өзінің 16 жылдық қызметінде әуетасымалдаушы мегаполисті шетел астаналары мен ірі қалаларымен байланыстыру арқылы оның өркендеуіне едәуір үлес қосты.

«Әйр Астана» компаниясының президенті Питер Фостер «Біз жас Астананы айрықша күнімен құттықтаймыз. Ол еліміздің экономикалық, қаржылық және мәдени өмірінің орталығына айналды. Біздің компания Астанадан және кері қарай бағдарлық желіні ұлғайтуды жалғастырмақ. Астананы жақын және алыс шетелдегі ірі қалалармен байланыстырып, ыңғайлы түйісулермен қоса, транзиттік мүмкіндіктерді ұлғайтпақ», — деді. Еліміздегі азаматтық авиацияның көшбасшысы саналатын «Әйр Астана» 2002 жылы құрылған. Әуе компаниясы Астананы 23 халықаралық бағыт бойынша Ресей,

Алмания, Ұлыбритания, Франция, Үндістан, Қытай, Таиланд, Оңтүстік Корея, Әзірбайжан, Грузия, Түркия, БАӘ, Қырғызстан және Өзбекстан қалаларымен жалғайды. Сондай-

ЕЛОРДАНЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ҮЛЕС ҚОСТЫ



ақ еліміздің 10 қаласына жолаушы тасымалдайды.

Қазақстан арқылы транзиттік халықаралық жолаушылар саны 2010 жылдан бері 10,718 адамнан 2017 жылы 488,714 адамға дейін өсті, яғни әрбір 4-ші жолаушы транзиттік. 2018 жылы әуетасымалдаушы Астанадан Түменге және Қазанға жана рейс ашты, Астанадан Лондонға

рейстер күнделікті ұшады. Басқа да халықаралық бағыттарда жиі қатынайтын болды. Астанадан халықаралық рейстер саны 2011 жылмен салыстырғанда 4 есе көбейіп, аптасына 117 рейс ұшырылады. 2020 жылға дейін бұл көрсеткішті көбейту көзделіп отыр.


Елімізге туристерді тарту үшін «Әйр Астана» Stopover Holiday бағдарламасын енгізді. Алғашқы тәулікте компания рейсімен келіп, ары қарай ұшатын жолаушыға бір АҚШ долларына қонақүй, таңғы ас ұсынылады. Сондай-ақ әуежайдан қонақүйге апарып, алып келетін көлікпен қамтамасыз етеді. Соңғы 2,5

жыл ішінде осы қызметті 21 мың адам пайдаланған. Биыл компания Нұрсұлтан Назарбаев әуежайы аумағында авиациялық-техникалық орталықты іске қосты. Онда меншікті және өзге әуекомпанияларының ұшақтарына техникалық қызмет көрсетіледі.

Ақтамберді САДЫХАН

Қызықстан қызықтары

Бұл «О» деген өріп емес, көдімігі «0» ғой. Семейде бір қыз ҰБТ-дан оңбай құлапты.



Мектепте 11 жыл оқыған ол сынақта бірде-бір сұраққа жауап бере алмады. 140 баллдан «0» алыпты. Қолда бар ақпараттарға қарағанда, әлгі қыз үш сағат бойы ата-анасынан көмек күтіп, қолындағы тест сұрақтарына телмірген күйі отырған көрінеді. Бірақ оған ешкім көмектеспепті. Ұялы телефонның байланысы үзіліп, шпаргалканы есік көзінен жинап алған. Осындайда үш сағатта үш тор көзді бояса, «3» балл алар ма еді дейсің ғой? Бірақ 3-те болса, күш дейтіндей, енді ол да жоқ. Нөл! Нөлге ұйқас табудың өзі қиын...



NARYQ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Қаржы орталығы

Еске түсірсек, 2015 жылғы желтоқсанда мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы

Елорданың 20 жылдық мерейтойы қарсаңында көптен күткен елеулі оқиға – «Астана» халықаралық қаржы орталығының ресми ашылу салтанаты өтті. Оған Президент Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, гонг соғу арқылы қаржы орталығының қызметін іске қосты.

өкілдерімен кездесіп, оларды «Астана» халықаралық қаржы орталығына жұмыс істеуге шақырды. АХҚО басқарушысы жаңадан ашылып отырған орталық бірнеше органнан – қаржылық реттеуші, арбитраж орталығы, АХҚО сотынан тұратынын жеткізді.

Халықаралық валюта қорының директоры-басқарушысы Кристин Лагард «Астана» ХҚО тұсаукесеріне орай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа құттықтау жолдады. Онда «Нарық үшін сенімді әрі қолайлы нормативтік база, заманауи инфрақұрылымдар мен қуатты адами капитал АХҚО-



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ

орталығын (АХҚО) құру туралы конституциялық заңға қол қойған еді. Әу бастан АХҚО алдына қаржы қызметімен айналысатын халықаралық деңгейдегі жетекші орталық қалыптастыру міндеті қойылды. Орталық Азияда, жалпы бұрынғы кеңестік кеңістікте тұңғыш рет ағылшын құқығының қағидаттары енгізіліп, осы орталықтың ресми тілі – ағылшын тілі болып бекітілді.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген Президент Нұрсұлтан Назарбаев АХҚО-ның негізгі реформалар мен өзгерістердің маңызды буыны екенін айтты. «Ұзақ уақыт күткен сәттің туындауымен құттықтаймын және осыдан бастап біздің Халықаралық қаржы орталығымыз қызметіне кірісті. Осы жерде отырған барлық орталық қатысушыларына, уақытын бөліп келіп отырған қымбатты қонақтарымызға шынайы

тараптардың құқықтарының әділетті қаралуын қамтамасыз етеді. Оны тиімді басқарудың қағидаттары мен прагматизмі сақталып, барлық инвесторлардың мүдделері қорғалады. АХҚО биржасы – жоғары технологиялық инфрақұрылым. Оның жұмысына америкалық Nasdaq биржасы және Шанхай қор биржасы қатысады.

Елбасы өз сөзінде шетелдік меймандар үшін АХҚО-да қарастырылған тиімді жұмыс шарттарына тоқталды. «Бұл жерде халықаралық қаржы институттарының өкілдіктері ашылып жатыр. Осының бәрі де АХҚО-ның тиімді жұмысын қамтамасыз етері анық. Осы орайда шетелдік және отандық бизнесті «Астана» халықаралық қаржы орталығының жұмысына шақырғым келеді. Біздің жобаға белсенді

ның өңірлік ауқымдағы хабқа айналуына мүмкіндік береді. Әйтсе де, оған уақыт керек. Ал сол уақыт аралығында сын-қатерлер де көп болады. Осы бағыттағы дұрыс шешімдер АХҚО-ның қуатты командасы айналдырады» делінген.

Астана халықаралық қаржы орталығы – еліміздің Президенті айқындайтын дәл белгіленген шекарасы бар, қаржы саласындағы ерекше құқықтық режим қолданылатын және қаржылық-құқықтық мәселелер мен дау-дамайларды заманауи тұрғыдан қарастырып шешетін ашық алаң болмақ.

Қ.Келімбетовтің айтуынша, биылғы жылы шамамен 100 компания тіркеледі деп жоспарланған. 1 шілдеге дейін 50-ден аса компания тіркеліп үлгерді. Олардың арасындағы ең танымалы – Қытай даму банкінің өкілдігі. Сондай-ақ Ұлыбритания, Таиланд сынды елдердің қаржылық технология саласындағы көптеген компаниясы тіркелді. Жыл соңына дейін 100-ге жуық компания тіркелуі мүмкін. Ал 2020 жылы олардың саны 500-ден асып жығылуы тиіс. Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қоры бірлесіп, жекешелендіруге дайындық үстінде. Олардың арасында «Қазактелеком» мен «Қазатомөнеркәсіп» сияқты ірі компаниялар бар. Алдағы жарты жылда осы компаниялар IPO-ға шығады. Сонымен қатар АХҚО биржасына қаржы министрлігінің ішкі қарыздары, тегменен шығатын облигациялары орналастырылады.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының органдары мен қатысушылары, олардың қызметкерлері салық төлемдерінен 50 жылға босатылады. Олар – қаржылық және қосымша қызметтерден түсетін кірістерге корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы, жер салығы және мүлік салығы. «АХҚО қатысушылары АХҚО биржасының келісімшарттары мен ережелерінде қарастырылған кез келген валютаны пайдалана алады. 65 елдің азаматтары, оның ішінде ЭЫДҰ барлық елдері үшін визасыз келу енгізілді. АХҚО органдарының қызметкерлері мен қатысушылары, олардың отбасыларының мүшелері үшін 5 жылға дейін мерзімге арнайы визалық режим қарастырылды. Көлік қолжетімділігі кеңейтілді. Бүгінде Астана тікелей әуе қатынасы арқылы әлемнің 9 қаржы орталығымен байланысады. Алдағы бір, бір жарым жыл ішінде Сингапур, Токио, Нью-Йорк және басқа да бағыттарда жана халықаралық рейстер ашылады. Осылайша Халықаралық қаржы орталығының бірегей жұмыс механизмі құрылды деуге негіз бар.

Талап ТІЛЕГЕН

Модернизация

Астананың 20 жылдық мерейтойы қарсаңында Шымкент мұнай өңдеу зауытында жаңадан салынған RFCC каталитикалық крекинг

қондырғысына шикізат қабылданды. Бұдан кейін «Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту және реконструкциялау» стратегиялық жобасы аясында іске қосу-реттеу жұмыстарын аяқтау кезеңі – технологиялық қондырғыларды кешенді сынау жұмыстары басталады.

ЖАҢА ҚОНДЫРҒЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Шикізатты қабылдауға дейін үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, су дайындау қондырғысы, БӨА сығылған ауа қондырғысы, азот өндіру, бу өндіру қондырғысы және т.с.с. жалпы зауыт шаруашылығы нысандарында іске қосу-реттеу жұмыстары аяқталды. Технологиялық қондырғыларда жеке сынау жұмыстары, энергоресурстарды қабылдау, реакторлы-регенераторлы және реакторлы блоктарды құрғату жұмыстары аяқталды және барлық тораптарды, блоктарды және жалпы технологиялық жүйені мұқият тексеріп шыққаннан кейін негізгі RFCC каталитикалық крекинг қондырғысына шикізат қабылдау

каталитикалық крекинг қондырғысы UOP компаиясының (АҚШ) технологиясы бойынша жобаланып, салынды және ол осы кешеннің «жүрегі» болып табылады. Қондырғы ауыр мұнай қалдықтарын өңдеп, сұйытылған газ, бензин және жеңіл газойл сияқты жоғары сапалы бағалы өнімдерді алу үшін арналған.

Айта кеткен жөн, Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобасының екінші кезеңі аясында салынған қондырғылар зауытта шикізат өңдеу тереңдігін жоғарылатуға және сапасы жағынан К4 және К5 экологиялық класына сәйкес келетін автомобиль отындарын – бензин мен дизельді өндіру көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік береді.



және Merox, Prime G+, Claus, PSA-2 қондырғыларын қосу туралы жалпы шешім қабылданды.

Қуаты жылына 2 млн тонна шикізат өңдейтін RFCC

Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобасы 2018 жылдың қыркүйек айында аяқталуы тиіс.

Салтанат ШЫРЫНХАН

Іргі іс

Алматыда осыдан 10 жыл бұрын басталған энергияны қайта жаңғырту бағдарламасы аяқталды. Жаңа жобаның аясында «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының басшысы Ахметжан Есімов «Түрксіб» жаңа қосалқы стансасының тұсауын кесті. Жаңа энергетикалық қондырғының іске қосылуы Алматыда 2008 жылы басталған Тұрақты электрмен жабдықтау бағдарламасын аяқтауға мүмкіндік берді.

ҚУАТ КӨЗІН ЖАҢҒЫРТУ



«Түрксіб» қосалқы стансасы трансформаторлық қуаттылықты 30 МВА-ға арттырады. Ол Түрксіб ауданы мен «Қолжетімді баспана» бағдарламасы аясында салынған жана «Жас қанат» ықшамауданын электр қуатымен қамтамасыз етеді. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқармасының төрағасы Ахметжан Есімов еліміздің ірі мегаполисіне үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударып отырғанын және қазіргі уақытта бұл қуаттарды дұрыс пайдаланудың жалғыз міндеті екенін атап өтті.

А.Есімов «Мемлекет басшысының он жыл бұрын атқарған міндеттерінің бірі – Алматы қаласын электрмен қамтамасыз ету. Ал қазір қосалқы станса пайдалануға берілсе, бұл мәселе толығымен шешіледі. Бұл нысандардың дұрыс жұмыс істеуі жалғыз міндет болып табылады, өйткені 20 миллиардтан астам теңге инвестицияланды, енді олар қалыпты түрде жұмыс істеуі керек», – деді.

Есепте 33-ші қосалқы станса іске қосылғаннан кейін Алматы қаласының шекарасы бойынша электрмен жабдықтау карточкасы толығымен «жасыл» болып болатынын атап өту керек. Бұл электр қуатының толық қолжетімділігін білдіреді.

«Самұрық-Қазына» ҰҚА басшысы «Егер есінізде болса, 10 жыл бұрын қаланың дамуына

және бизнестің дамуына кедергі келтіретін желдеткіш және авариялық апаттар, тұрақсыз электр қуатымен қамтамасыз етілуі байқалды, бұл, әрине, әлеуметтік әл-ауқатқа әсер етті», – деді.

Сондай-ақ Алматыға жұмыс сапары барысында А.Есімов «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ энергетикалық нысанын аралап көрді. Бұл қаладағы энергетикалық кешеннің тұрақты дамуының маңызды компоненттері болып табылады. Сондай-ақ ол «Таулы қырат» қосалқы стансасынан «Ерменсай» қосалқы стансасына жүктемені беру жұмысымен танысты.

Бұл жоба «Таулы қырат» қосалқы стансасы орналасқан ауданда жер көшкінінің салдарынан жүзеге асырылады. Қосалқы стансаның жойылуына және тұтынушылардың жаппай электр көзінен ажыратылуына әкелуі мүмкін. Төтенше жағдай болдырмау үшін «Таулы қырат» қосалқы стансасынан «Ерменсай» қосалқы стансасына энергияны жөнелту туралы шешім қабылданды.

2011 жылы «Ерменсай» қосалқы стансасын іске қосу Алматыдағы қысқы Азия ойындарына сәйкес келген. Жүкті тасымалдау жөніндегі жобаны 2018 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Содан кейін «Таулы қырат» қосалқы стансасы таратылады.

Макпал НОҒАЙБАЕВА



ризашылығымды білдіремін. Біздің елімізге небәрі – 27 жыл. Бұл тарих үшін қас-қағым сәт. Дегенмен халқымыз болашақ гүлдену жолында үлкен кадам жасады деп ойлаймын. «Астана» халықаралық қаржы орталығы да осы мақсатқа қызмет ететіндігіне үміт артамыз. Біз өз тарапымыздан орталықтың жұмысы барлығына қанағаттанушылық сыйлайтындай, бизнеске пайда әкелетіндігі және Қазақстан одан мол пайда алатындай жасайтын боламыз», – деді Елбасы.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы – Тәуелсіз Қазақстанның жана парағы. «Оның ашылуы маңызды кадам, біздің экономиканың бекем түрде дамуының жалғасы болып табылады. Жаңадан сын-тегеуріндерге жауап ретінде АХҚО-ны құру туралы идеяны ең алғаш рет 2015 жылы айта кедім», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Жұмысы ағылшын құқығына негізделген аймақтағы бірден-бір қаржы орталығы тәуелсіз сот, халықаралық арбитражды орталық

атсалысқан қатысушыларға шын ниетіммен алғысымды білдіремін. Өзара тиімді ынтымақтастық одан ара бекем бола түседі деген үміттемін. Астана аймақтағы басты қаржылық хабқа айналуы керек. Ал келешекте Азияның жетекші қаржы орталықтарының қатарына енуі тиіс», – деді Президент.

Өз кезегінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов «Халықаралық қаржы орталығын ашу үшін жұмсалған 3 жыл – әлемдегі өзге қаржы орталықтарымен салыстырғанда қысқа уақыт десе болады. Қазіргі күні – Төртінші индустриалдық революция кезінде жылдар түгiлi айлардың өзi бiршама шешушi кезеңге ие. Осы ретте орталықтың ашылуына табандылық танытқан, әлемдегi соңғы трендтердi толық түсiнiп отырған бiздiң көшбасшымыздың ерекше қасиеттерiн атап өткiм келедi, – дедi. Оның айтуынша, 2015 жылдың соңында мемлекет басшысы Нью-Йорктегі және Лондондағы бизнес

Ерлікке тағзым

білігі емес. Білекті әрі білікті жандар казак даласында аз болмаған. Бөрі бірдей Шақшақ Жәнібек шыққан биіктен көрінген жоқ. Ұлттық тарихымыздың төріне оны

Ұлттық тарихымыздың

қай дәуірінде болсын, Ресей бодандығын қабылдағанша да, отарлық және кеңестік жылдарда да, халқымыздың санасы мен жүрегінде есімі әрқашан ілтипат-құрметпен сақталып келген тұлғалар бар. Осы шоғырда Жәнібек Қошқарұлы тұр. Әйтпесе замандастары Бұқар, Тәтіқара, Қожаберген жыраулардың, орыс, ағылшын, қалмақ чиновниктері мен саяхатшыларының шығармаларына кейіпкер болар ма еді. Бұқар жырау оны халыққа тірек десе, Тәтіқара болат найзаға балады. Шоқан көрегендігін жазса, Жәнібектің батырлығы мен қолбасшылығын А.Левшиннің дәріптегені ғасырларды аттап бүгінге жетіп отыр. Батыр бабамыздың жұлдызы тәуелсіздік тұсында бұрынғыдан да жарқырай түсті.

Ол екі дәуірдің жасампаз тұлғасы болды. Егемен Қазақ хандығында есейді. Тәуке ханның, әйгілі Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің төл мемлекетімізді реформалауға, бүгінгі тілмен айтсақ, жаңғыртуға бағышталған жанкешті қайраткерлігін көріп кемелденді. Қазақ-қалмақ соғысының бел ортасында жүрді. Елінің басына төнген апат қаупін сейілтуге олжа салды, егемендіктің өңсесін түсірмеді. Ауыр сынақ Ресейге бодандықты қабылдаумен келгенін бар болмыс-бітімімен сезінді. Қысқасы, Қазақ хандығындағы ықпалды әулетте дүниеге келген ол жастайынан мемлекетшіл рухта тәрбиеленді. Бар

мемлекетшіл болмысы, ой-саңасы, ұстанымы қондырды деп білемін. Мемлекетшілдігі өмір бойы сенімді серігі болды. Әсіресе, Ресей боданына кіргеннен кейін Әбілқайыр ханмен, баска да тұлғалармен елдің ішкі-сыртқы саясатын анықтағанда, Ресеймен, қалмақпен келіссөз жүргізгенде, ел ішіндегі ірілі-ұсақты әлеуметтік қактығыстарды шешкенде дұрыс жол табуға шылбыр ұстатты. Ғасырлар тезінен өткен сол үлгіден күні бүгін де тағылым алуға әбден болады. Мәселен, 1743 жылы Жетісу, Түркістан өңірлеріне барып, казак, жоңғар, орыс қарым-қатынастарын талқылаған келіссөздер жүргізеді. Ұлы жүздің ел ағаларымен, баска да көрнекті кісілерімен сөйлеседі. Батыр

Байғозының батыр атағы кеңінен таралыпты. Демек, тұлғаның мемлекетшілдігі ұлы істе, күнделікті қарапайым тіршілікте толымды жемісін бергенін қаперден шығармағанымыз жөн. Замандас інілеріне берген батасынан да мемлекетшіл ұстанымын көреміз. XVIII ғасыр басында (1714 жылы шамасы) шанышкылы Бердәулет пен әйелі аруакты батыр Шақшақ Жәнібектен «баламызға ат қойып беріп, аруағыңызбен қорғай жүріңіз» деп тілек білдіріпті. Батыр бесікті алып, бесік көрпені ашып, балпанактай баланы көріп, тебірене бата беріпті:

Керей деген елің көп,
Ел айналар шешен бол!
Жағаласар жауың көп,
Жауға шапсаң есер бол!
Ел ішінде дауың көп,
Жұрт алдында көсем бол!
Жабылған жауды жатырып,
Шайқасқанда есен бол!
Жекеге шықсаң жесденіп,
Жауыңның басын кесер бол!

Сонан соң бетін сипайды да, ата мен анаға қарап: — Бесігін көтергенде көңілім толды, өз атымды қояйын, аты «Жәнібек» болсын! Біреулерге атын ататып боктатпа, ат жалын тартып мінгенде, алған бетінен тоқтатпа, — дейді. Осы батадағы тілектің бәрі қарақан бастың қамы емес, бүгіншілдік те емес. Тұнып тұрған мемлекетшілдік, елге тұтқа болудың, ел болудың шарттары ғой. Тұлғалар туралы байлам-тұжырымы да көп нәрседен хабар береді. Бірде қалмақ елшісімен кездескенде оған қалмақ билеушісі Септеннен алған хатын көрсетіпті. Хатты оқыған елші «Аманатқа кісі жіберсін депті, сізді мактапты: «Ұлы жүздегі Төле би сияқты Орта жүзде абыройың артық — депті» деген сөздерді айтады. Сонда Жәнібек өзі туралы ләм-мим деместен: «Төле би өте қасиетті кісі ғой», — деген екен.

TARİH

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



www.jasqazaq.kz

5

экономикалық мүддені бірінші кезекке қойғанынан болашақты батыл болжай алғанын байқау қиын емес. Орыс әкімшілігіне жолдаған бір хатында: «Сауда жасауға өз адамдарымызды үздіксіз жіберіп, алыс-берісімізді, барыс-келісімізді

келіп, И.Неплюевке жолықтырғысы келетінін» айтады. Бұл қарапайым арашашының, араағайынның сөзі емес. Бұл — Кіші жүздегі хандықтың мемлекеттік мәртебесін нығайтуға бағышталған қадам. Ресей жағы Жәнібек тарханның негі қалап отырған ішкі есебін, шын мағынасындағы саяси сунғылалығын, әрине, түсіне қалды. Барак сұлтан Петерборға, патша сарайына шақырылған жоқ. Тұлғаның жарқын бейнесін сипаттаған архив деректері көп те емес, аз да емес. Ол туралы зерттеуші И.Ерофееваның «Между всеми старшинами знатнейший. Первый казахский тархан Жанибек Кошкарұлы» монографиясында егжей-тегжейлі айтылған. Олқылықтың орнын даланың ауызша тарихымен толықтыруға болады. Мәселен, Еренші уак Бармак батыр жас кезінде тұлғаның жанына бірер жыл еріп, соғыс тәсіліне шыңдалыпты, жетіліпті. Енді бірде Шақшақ Жәнібек батырдың арнайы шақыртуымен келген жас өрен Бармак қалмақтың атақты батыры Садырбаламен айкаска шығып, оны найзамен түйреп өлтіреді. Жас батырдың жеңісіне риза болған тұлға оған өз елінен жер беріпті. Бармак кейінде үлкен батырлар қатарынан орын алды. Басқаша айтсақ, даланың ауызша тарихы Шақшақ Жәнібектің Шокан ұлықтаған көрегендігін қуаттай түседі. Сөз реті келіп тұрғанда неге «Шақшақ Жәнібек» атанғанына өз ойымызды білдіре кетейік. Ол тұлғаның



Тархан Жәнібектің Қостанайдағы ескерткіші


БОЛАТ НАЙЗА немесе ТАРХАН ЖӘНІБЕК ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖӘНІБЕК ҚАЛАЙ «ТАРХАН» АТАЛДЫ?

Жау тоқтатудың орнына, жау жоқ жерде жау шақыратын батырлар да көп болған, дау тоқтатудың орнына дау шақыратын билер де көп болған. Бізге дау шақыратын, жау шақыратын билер мен батырлар емес, қарап отырып тоқтықтан, қымыздың желіне масығып көршіге тиіспей, халықтың басына іс түскенде қол бастайтын сардарлар керек. Әншейінде құлақ тыныш отырғанда өзі килігетін билер емес, құлақтан маза кетіп, арың төгіліп бара жатырғанда сөз бастайтын ділмарлар керек. Ең дұрысы, сөзді де, қолды да бастапнауға тырысатын, елдің тыныштығын, ағайынның аманшылығын сақтайтын елдарлар керек. Екі жолбарысты соңына ерткен, өзі үшінші жолбарыс сияқты боп, айбынын асырған батыр Жәнібектің бүгінгі ұрпақ үшін қадірлі болатындығы, кісінің тағдырын бір ауыз сөзбен шешкен би Жәнібектің біз үшін қадірлі болатындығы, ең алдымен, сол батырлығы мен сол билігін елдарлыққа жұмсағандығы. Меніңше, жаңағы айтқан сыртқы архивтердің құжаттарында да Жәнібек атының жиі кездесетіндігі де осы елдарлықтан шығар. Әңгіме болып жатқан кезеңде қазір де ұлықталып отырған билердің де, батырлардың да көбі тірі жүр еді. Алайда генерал-губернатор Неплюев 1742 жылы патша ағзамға Жәнібекті: «бұл екі ордаға да бірдей қадірлі, екі ордада да хандардан да беделі артық, екі ордада хандармен бірдей тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ете алатын бірден-бір адам», — деп бағалап, сондықтан да «басқа адамдармен шатастырмас үшін оған тархан атағын дара, ешкіммен араластырмай жеке беру керек» деген ұсыныс жасауы да тегін болмаса керек.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ, жазушы
Шақшақ Жәнібектің туғанына 300 жыл толуына орай өткізілген жиында сөйлеген сөзінен



мен жоқтың, ел мен ердің қадір-қасиетін біліп есейді. Тұтастай алғанда, батырдың өмір жолын шартты түрде үш дәуірге бөлуге болады. Бірінші дәуір — «Ақтабан шүбырындыға» дейінгі жылдар. Балалық және жастық дәуренін қамтып жатыр. Екінші дәуір — қалмақпен соғыс жылдары. Ш.Уәлиханов «жантүршігерлік», «қанды қырғын», «жаугершілік» деп сипаттаған осы дәуірде батырлық пен қолбасшылықтың ең биік шыңына көтерілді. Үшінші дәуір — 1731-1751 жылдар. Орта жүз бен Кіші жүздің

бір сөзінде: «Қазақтың Ұлы жүзі, Орта жүзі мен Кіші жүзі бір туған, емшектес елдер. Өзара қабақ шытысып, дау-жанжалға барған жоқ», — деген екен. Осы сөздер тасқа басылып, бізге жетіп отыр. Ойлы жанға мағынасы терең, маңызы зор, жасампаз қуаты әлі де ашыла түсетін пайым. Елбасымыз Н.Назарбаевтың да әрқашан айтумен келе жатқан заманауи құндылығы да осы ғой. Батыр бабамыз ұлықтаған бірлік пен ынтымақ идеясы тарих ғылымының методологиясына айналуға лайық, толеранттылығын арттыруға қызмет ете алады.

Тар заманның өзінде тұлғалардың бірін-бірі осылайша танығанынан үлгі-өнеге ала алсақ, тәуелсіздік үдесінен шығар едік. Шақшақ Жәнібек халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат саласында ғибратты өнеге қалдырған тұлға. Ол Ресей сияқты аллауыт империяның көңілінен шыққансып, ұлт мүддесін қорғады, қалмақтай дұшпанын одақтасы Ресеймен сескенте алды. Тарихи дерекке сүйенсек, қалмақ елшісіне бірде

жалғастыра береміз», делінген. Тап осы мәселеде Әбілқайыр ханмен, Абылай сұлтанмен пікірлесіп отырғаны деректерде бейнеленген. Жәнібек Қошқарұлының мемлекетшілдігі, елдің ынтымағы мен бірлігін бәрінен жоғары бағалағаны Әбілқайыр ханды Барак сұлтан өлтіргеннен кейін басталған жанжал мен саяси дағдарыс тұсында айқын көрінді. Қанға қан төгумен жауап беруді қолдамады. Өлген билеушінің орнына баласы Нұралыны хан сайлап, хандықты сақтап

рушылдығын немесе тайпалық шектеулілігін көрсетпейді. Дәстүрлі қазақ қоғамында «шақшақ», «шанышкылы», «шапырашты», «қанжығалы» деген атаулар, тіпті бір ауыз сөз төлқұжаттың, тарихи-генетикалық кодтың орнына жүрді. Соған қарап-ақ адамның географиясын, демографиялық әлеуетін, арғы-бергі тарихымыздағы орнын, саясатқа ықпалын, т.б. тағдыранықтағыш сұрақтардың жауабын білген. Тұлғаның халықпен тұтастығын ұғынған. Қазір осынау тарихи құндылықты басқаша түсінетін, басқаша қолданатын, ашығын айтқанда, зиянды дертке айналдырғысы келетіндер бары құпия емес. Қысқасы, тарихтың жолы қайшылықтар мен қиыншылықтарға толы. Олар әркімнің, мемлекеттің алдынан шыққан, шыға да береді. Барша қоғам үшін күрмеуі күрделі мәселенің шешімін тапқан жанды тұлға деген жөн. Тұлға дегеніміз

«БАС БАҒАДҮР БОЛҒАН»

Ресей патшайымы Елизаветаның жарлығымен 1743 жылдың 11 шілдесінде алғаш рет тархан атағын алған адам – Жәнібек Қошқарұлы (Тархан Жәнібек) батыр Патша ағзам тарапынан Ресейдің отарлау мүддесіне қызмет еткен түркі тестес тұлғаларға «тархан» деген атақ берілген. Мысалы, Кіші жүз қазақтарын Ресейге бағынуға еңбек сіңіргені үшін Алексей Иванович Тевкелевке полковник, кешікпей генерал (1755) шені беріліп, оның ұрпақтары ірі мұсылман помещиктерге айналды. Ал, башқұрт Таймас Шайымовқа «тархан» атағы берілді. Орынбор шекара комиссиясының деректеріне қарағанда, тархан атағын алғандар саны XIX ғасырдың ортасында 20 ғана адам болған. Осы орайда, отарлаушылар көздеген мақсаттарын іске асыру үшін өздеріне көмектескен қазақтың беделді адамдарына атақ беріп, орден-медалдармен марапаттауды қолға алды. Осының алғашқы қадамы ретінде Сенат 1743 жылы «Қазақ ордасында қызметте өзін жақсы жағынан көрсете білген би-төрелерге тархан атағы берілсін!» деген жарлығын шығарды. Осы жарлық бойынша Ресей патшайымы Елизавета Петровнаң пәрменімен тұңғыш рет 1743 жылдың 11 шілдесінде алғаш алған адам – Жәнібек Қошқарұлы (Тархан Жәнібек) батыр. Одан кейін 1821 жылы әскери губернатор, граф Эссеннің тапсырмасымен, Хиуа жорығына қатысып, патшаға жан-тәнімен қызмет көрсеткен қазақ билері Аманша Сеңгірбаев пен Жаңбыршы Саламысовтар тархан атағына ие болды. Сол сияқты тархан Жәнібектің баласы Дәуітбайға да Әскери коллегияның 1759 жылғы шешімімен тархан атағы берілген. 1869 жылы Ресей Сенатында бұдан былай «Тархан» атағын тоқтату жайлы шешім қабылданып, бірақ жоғарыдағы атақты алған адамның ұрпақтарын алым-салықтан босатып, жеңілдік көрсету жайында қаулы күшінде болыпты.

Бекен ҚАЙРАТУЛЫ, зерттеуші



сөзін ұстаған, ханмен қатар отырып, мемлекеттік мәселелерді шешкен ел ағасына айналды. Әрине, оның батырлығы, кемеңгерлігі, шешендігі шыққан тегінен, ата-анасының қанымен дарығаны, өрелі ортасынан бастау алғаны күмәнсіз. Дегенмен Жәнібек Қошқарұлын тарихи тұлғаға айналдырған басты құдірет белігі мен

Ш.Уәлиханов «XVIII ғасырдағы қазақ батырлары» атты мақала жазғаны белгілі. Сол еңбегінде Шақшақ Жәнібек пен Тарақты Байғозы батыр арасындағы түсінбестік бір атым насыбайдан басталып, жауды жеңген ауыр шайқастан кейін екеуінің татуласуымен аяқталғанын баса көрсеткен. Осыдан кейін

былай дегені бар: «Септен мені өзімен қатар қойғысы келеді. Септен оның үстіне бізді шауып аламын, Үргенішке дейін қуып тастаймын деп домбыратын көрінеді. Мен Септеннен қорықпаймын. Ол әуелі орыстарды жөніп алсын». Мемлекетаралық байланыстарды бейбіт жолмен дамытудың пәрменді тетігі ретінде сауда-саттықты,

калудың қамын жеді. Орынбор губернаторы Неплюевпен жүргізген келіссөз үстінде «Марқұм Әбілқайыр ханның ұлдары Барак сұлтанды өлтірмеуге тиіс және мен оған жол бермеймін. Барак сұлтан патша сарайына өзі барып, өз кінәсі үшін императрицаның алдында кешірім өтінуге тиіс, дей келе, сол үшін өзі барып, Барак сұлтанды алып

— өзіне тәуелді емес объективті ортадағы сын-қатердің шешімін жанашылдықпен тапқан жасампаз жан. Оның ізденісімен, қайраткерлігімен табылған шешімнің игілігін замандастары да, кейінгі ұрпақ та көреді. Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы тап осындай тұлға. Сондықтан оның есімі туған халқымен бірге жасай береді. Жәнібектану халықты танудың, халыққа қызмет етудің, халық бірлігін нығайтудың бабаларымыздан мұраға қалған игі дәстүрін жаңғырту болып табылады. Елбасымыз күн тәртібіне қойған рухани

жаңғырудың көзденгені де осы. Ендеше тұлғаның аруағы қолдай берсін.

Ханкелді ӘБЖАНОВ, тарихшы, ҰҒА академигі





Экология

Еліміз су байлығынан көнде емес. Бірақ олақтығымыздың кесірінен, сол байлықтан оңай айырылып барамыз. Статистика бойынша, ірілі-ұсақты көлдің саны 36 мыңнан асса, өзеннің саны 85 мың. Бірақ осыншама байлықты тұмса күйінде сақтап, келер ұрпаққа аманаттай аламыз ба? Мамандардың соңғы тексеру нәтижесі жан шошытады. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі шығарған ведомстволық бюллетенінде 2012 жылғы жүргізген тексеру нәтижесін жариялаған. Онда экологтар 69 өзеннің тек 9-ы ғана таза екенін анықтағанын жазыпты. Ал қалған 60 өзен түрлі химикаттармен ұланған.

«Қазгидромет» РМК экологтары араға 4 жыл салып, 2016 жылы 48 өзеннің суына сараптама жасап, оның екеуі ғана талапқа сай таза екенін анықтапты. Екі өзен де оңтүстік өңірде орналасқан. Бірі Берікқара болса, екіншісі Қатта-Бөген су арнасы. 10 көл, 13 өзен, 2 су қоймасының ластану деңгейі дабыл қағарлық жағдайға жеткен. Олар Қара Ертіс, Үлбі, Глубочанка, Елек,

Ал Жайық, Тобыл, Үй, Шерубайнұра, Шу, Ақсу, Сарқырау, Сырдария өзендері мен Сұлтанкелді көлі және Шардара су қоймасын жағаласаныз, фенолдарға қарық боласыз.

«БАТПАҚТАУҒА» АЙНАЛМАСА...

Бәлкім, таң қаларсыз. «Қазақстан Швейцариясы» атанған Көкшенің сұлу көлдері де қазір осы кепті киіп отыр. Мұндағы Қатаркөл, Кіші және үлкен Шабакты, Шучье, Айнакөл, Бурабай көлдері адамдардың салғырттығынан ластануда. Жағалауларға дәретханалар орнатып, тұрмыстық қалдықтар төгіледі. Бұл туралы КТК телеарнасының «Аптап» бағдарламасында арнайы репортаж да



АЛТЫН КЕСЕДЕГІ КӨЛ «ЖАСЫ»

бе? Ақша бөлінсе де, ұрлайды. Біздің курортты қайтсін?!

Кентке «Бурабай-тазалық» коммуналдық кәсіпорны қызмет

ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН ЕЛЕК

Еліміздің батыс өңіріндегі су арналарының экологиялық жағдайы тіптен сын көтермейді. Мұндағы өзен-көлдерге құйылатын мұнай мен феррокорытпа қалдықтарын бақылау мүмкін емес сияқты. Ақтөбе облысындағы Елек өзенінің жағдайы осы сөзімізге айғақ. Тобыл-Торғай экологиялық департаментінің есебіне жүгінсек, қазір Елек арнасы фосфор, стронций, натрий, церий, корғасын, кобальт, мышьяк, молибден және басқа да зиянды заттарға толы. Қауіптілігі екінші санатқа жатқызылған мыс пен цинк мөлшері белгіленген деңгейден 48 есе асқан. Ал өзендегі мышьяк белгіленген нормадан 400 есе асып кеткен. Алға ауданында зауыттардан шыққан күл-коқыс 240 гектар аумақтағы көлшіктерді құрайды. Онда бор сияқты элементпен қоса, 960 мың тонна улы зат жинақталған. Бұл жағдай әсіресе, жыл құстары үшін қауіпті болып тұр. Ары-бері ұшқан үйрек-қаз кейде бірнеше күн осы көлшіктерді паналайды. Електегі жағдайды үкіметтік комиссия арнайы зерттеп, өзенді тек, бордан тазалау үшін 10



Сарыбұлақ, Нұра, Қара Кенгір, Әйет, Үй, Желқуар, Шерубайнұра, Үлкен Алматы, Текес өзендері мен Ертіс-Қарағанды каналы, Билікөл, Сұлтанкелді, Копа, Зеренді, Бурабай, Сұлукөл, Кіші және Үлкен Шабакты, Шучье көлдері. Барлық су арналарында Менделеевтің химиялық таблицасын толық табуға болады. Мысалы, мыс металы Ертіс, Бұқтырма, Үлбі, Глубочанка, Жайық, Елек, Тобыл, Тоғызак, Үй, Есіл, Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Талас, Сырдария өзендері мен Қапшағай, Зеренді, Үлкен Шабакты көлдерінде өте көп мөлшерде табылған.

Тұз аммонийі Оба, Елек, Сарыбұлақ, Қара Кенгір, Соқыр, Шерубайнұра, Кіші Алматы, Шу, өзендері мен Сұлтанкелді, Кіші Шабакты, Билікөлде қауіпті деңгейге жеткен.

Магний іздесеніз, Деркөл, Тобыл, Әйет, Тоғызак, Үй, Желқуар, Есіл, Сарыбұлақ, Нұра, Соқыр, Қара Кенгір, Шерубайнұра, Ақсу, Сырдария, Келес өзендері мен Сұлтанкелді, Копа, Зеренді, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Билікөлден молынан табасыз.

— Көл тартылып, суы азайып барады. Айналаның бәрі батпаққа айналуда. Міне, қараңыздар. Өткен жазда судың деңгейі жоғары еді. Көктемде келсем, жағалау 2 метрдей шегініп кеткен. Обал ғой. Қолда бар өзен-көлімізді құтқару керек. Осы күйімен кете берсе, мына Үлкен Шабакты бірер жылда екінші Аралға айналады.

Арал демекші, Үлкен Шабактының ортасында қарайып көріне бастаған кішкентай төбе бұрын жоқ еді. Бурабай кенті тұрғындарының айтуынша, ауыл іргесінде жатқан жықпыл тастар да бұрнағы жылдары су астында жататын. Тұрғындар көлдің таязданып, батпаққа айналуына адамдардың жауапсыз тіршілігі кінәлі деп есептейді.

Бурабайдың тағы бір тұрғыны Виктор Секретов былай деп мұң шақты:

— Көріз құдығындағы сасық суды бізде тасып төгеді. Кейде үлгермейді. Жаман иіс манаиды алып кетеді. Тасыған бок пен су қайда барады? Әрине, жерасты суларына қосылады. Осы көлдерді тазартқан бір адамды көрген емеспін. Өмір бойы тұрам осы жерде, көл тазартса көрмейміз

көрсетеді. Олар қаланы түгел шарлап осылайша лас суды тасиды. Бұл көптеген жылдар бойы



жалғасып келе жатқан қызмет түрі. Бірақ, осыдан 5 жыл бұрын басталған коллектор құрылысы орта жолда тоқтап қалған. Бұл жөнінде «Бурабай-тазалық» коммуналдық шаруашылығының участке басшысы Александр Григоренко былай дейді: — Коллектордың құрылысы аяқсыз орта жолда қалды. Әйтпесе, осы сасық суды тасып неміз бар? Көріз құдықтарындағы сасық суды таңнан кара кешке дейін тасимыз. Мүмкіндік болса, аузы-мұрнынан шығып, сыртқа тасып кетпеуге тырысамыз.

Бірақ бұл стансаға құйылған қалдық судың одан әрі қалай өңделетінін, қайда жіберілетінін ешкім білмейді. Бурабайдағы 20-дан астам демалыс орны мен 6 мың жергілікті тұрғын қалдық суды септикке ғана төгеді. Оның соңын өзіңіз шамалай беріңіз.

миллиард теңге бөлді. Бұл мәселенің бір жағы ғана. Ақтөбе қаласының коммуналдық қызмет мекемесі жыл сайын Елекке ағын суды босатады. Сол үшін бюджетке жыл сайын миллиондаған теңге айыппұл төлеп жатады. Жалпы, Ақтөбе, Алға және Қандыағаштың қалдық суды талайтын коллекторы пәлен жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген. Соның кесірінен, үш қаланың тазаланбаған қалдық суы Елек өзеніне барып құяды. Бұл мәселеге Елек өзенінің жыл сайын қатты тартылып бара жатқанын қосыңыз. Елек өзені біздің шекарамыздан шығып, Ресейде Орал өзеніне құяды. Яғни өздеріне қарай ағылған мыңдаған тонна коқыспен қоса, химиялық реагенттерге солтүстік көршіміз де разы емес. Бұл мәселе халықаралық дау тудыруы да бек мүмкін.

химикаттар қайтадан көтеріліп, флора мен фаунаға оңалмастай зиян тигізеді. Мамандар Билікөлді сауықтырудың жалғыз жолы — Аса өзеніне суды көбірек босату керек деп есептейді. Деңгейі көтерілген көл содан кейін біртіндеп, қалыпқа келуі ықтимал. Бірақ Аса өзенінің арнасы маңында суды үнемдейтін технология жоқ. Каналдарға қалын қамыс өскен, коқыспен бітелген. Сондықтан, Асаның суы жеткілікті деңгейде Билікөлге жетпеуі мүмкін. Өкінішті бір нәрсе анық. Биыл Билікөлде ешқандай өзгеріс болмайды. Шенеуніктер жайбасарланып жүргенде, Мойынқұмның кеудесіндегі маржандай Билікөл көзден ғайып болуы да мүмкін.

Токтар ЖАҚАШ,
(Ғаламтор материалдары негізінде дайындаған)



Естелік

Шіркін, алаулы-жалаулы, аңғал жастық шақ десеңші. Көп нәрсеге көңіліміз ауып тұрса да ата-анамыз тек оқып, білім ал деген, ал олар тым алыста, сол үшін жүрміз ғой деп кітаптан бас алмай, жатақхана бөлмесінде жастанып та, жалықпай отырып та оқушы едік. Қолымызда жоқ кітапты көпшілік кітапханасына барып таптырып, оқу залында тапжылмай отырып, зерделей оқып, тіпті жаттап

– БҰЛ СОН-ОУ 1974 ЖЫЛДЫҢ ЖАЙМАШУАҚТЫ МАМЫР АЙЫ БОЛАТЫН. ОЛ КЕЗДЕ БІЗДЕР ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ ЖАЛЫН АТҚАН ЖИЫРМАДАҒЫ БАЛАҢ ДА АЛБЫРТ ШАҚТАМЫЗ, – ДЕП БАСТАДЫ ӨНГІМЕСІН ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСТАҒЫ КЕШЕГІ МҰҒАЛІМ ТАНСЫҚБАЙ ТІЛЕНШИЕВ АҒАМЫЗ ОЙҒА БЕРІЛІП.

– ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙЫРҒЫ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРДАСЫ САНАЛАТЫН ҚАРА ШАҢЫРАҚ – ҚАЗМУ ЕКЕНІ БАРШАМЫЗҒА БЕЛГІЛІ. СОДАН КЕЙІН АРҚА ТӨСІНДЕ 1972 ЖЫЛЫ ЕКІНШІ УНИВЕРСИТЕТ БОЛЫП АШЫЛҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ ҚАРМУ БОЛДЫ. БІЗДЕР ҚАРМУ-ДІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАБЫЛДАНҒАН СТУДЕНТТЕРІ ЕДІК.



МҰҚАҒАЛИ БЕЙНЕСІ ӘЛІ ЕСІМДЕ

та алушы едік. Сонымен қатар казак әдебиетінің көрнекті акын-жазушыларының және әлем деңгейіндегі шетел әдебиеті классиктерінің озық шығармаларын талдап, үзбей оқитынбыз. Сол уақытта Мұқағали Макатаевтың, Қадыр Мырза Әлидің, Төлеген Айбергенов пен Мұхтар Шахановтың, Әбділда Тәжібаев, Тұманбай Молдағалиев, Олжас Сүлейменовтің кітаптарын, газеттердегі топтама өлеңдерін жастығымыздың астына жасырып, дембіл-дембіл сағына, сүйсіне, қайта-қайта оқитынбыз. Шындығы керек, стипендиямыздың тең жартысын кітап дүкендеріне түскен жаңа кітаптарды сатып алуға жұмсайтынбыз. Сосын университеттегі әдебиет үйірмелеріне, әдеби кештерге, акын-жазушылармен кездесулерге белсене қатысып жүретінбіз. Ал университет қабырғасында шығатын «Университет жаршысы», облыстық «Орталық Қазақстан» газеттеріне өлеңдерімізді жолдап, олар жарық көре қалса, мәз-мейрам болып қалатынбыз.

1974 жылы мамыр айында республикалық деңгейде әсем қала Алматыда жас ақындардың мүшәйрасы өтті. Екі жүзге жуық жас өздерінің тырнақалды балауса жырларымен келген екен. Жалындаған жастар мінберге бірінен соң бірі шығып, балғын жапырақ жырларын жатқа оқып жатқан. Бір сәтте үстіне көнетоздау қара кәстөм-шалбар киген, алпамса денелі, ұзын бойлы, акқұба өнді, қайратты қара шашты акын мінберге көтеріліп, «Мынау сиясы кеппеген өлеңдер» деп ерекше бір тартымды дауысымен өлеңдерін оқи жөнелді. Сонда көздері жәудірген, бірақ арманы



асқақ әдебиетпен сусындаған жастар алдында оқыған мына бір жыр шумақтары менің жүрегімде мықтап жатталып қалған болатын.

*Бота тірсек, бос белбеу, қатпа бала,
Ойыңа келгеніңді шатпа, бала.
Ойнақтап ортамызда жүргің бар-ау,
Оп-оңай жаға салып аққа қара.
Ойыңа келгеніңді шатпа, бала!*

*Қайтесің ақын болып тумағасын,
Жаныңның сезесің ғой жырламадың.
Әдебиет үйінен орын таппай,
Әр есікті әуре боп бір қағасың.*

*Біреуге іні, біреуге журағатсың,
Бір көрініп қалуға құмар-ақсың.*

*Місе тұтпай, ұмтылған әр табаққа,
Қайдан келген, қарағым, сұғанақсың?!*

*Есек дәме аңшыдай қақпан артқан,
Аралыштап, жақсы емес сақпан атқан.
...Сынышының ары таза болса керек
Алдында жатқан ана-оу ақ парактан!!!*

Залда отырған замандастарымның бірі «Мұқағали Макатаев қой» деді. Бұл кісінің қадірмендігі, сосын мәнерлеп әдемі оқыған өлеңі маған қатты әсер берді. Сол-ақ бір топ жас топырласып Мұқағали ағамыздың қолын алдық, ал ол кісі әрқайсымыздың қолымызды үміт сендерде дегендей қаттырақ қысып, аркаландырды. Жанында марқайып тұрып ағамыздың су жаңа өлеңдерін өз аузынан тыңдадық.

Сол кезде есіме жатталып қалған осы өлеңді әлі күнге дейін айтып жүремін. Бірақ ақиық акынның жыр жинақтарынан бұл өлеңді еш кездестіре алмай жүрдім, Тек 2002 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан «Аманат» жыр жинағының отыз екінші бетінен «Біреуге» деп аталған осы өлеңді ұшырастырып қатты қуандым.

*Өзгереді дүние,
Өзгереді,
Әуелден сол —
Адамның көздегені.
Кереметті ескіртіп кереметтер,
Кермет шақ ақыры кез келеді,
— деп «Өзгереді» деген өлеңінде жырлап
кеткендей, Мұқағали акынның өлеңдерін жиі-жиі*

оқып, мен де казактыққа, ата-бабаның қасиетті жолына артымнан ергендерімді бұрып тұрам.

*Не десең, о де!
Бұрылман енді, бұрылман.
Адассам мейлі,
Анадан бір-ақ туылғам!
Қолыңнан келсе, қола мүсінді ап таста
Жасалмаған да, қашалмаған да тұғырдан!*

— деп еді-ау атпал азаматым — Мұқағали ағам. Атыннан айналайын, Мұқа! — деп бітірген Таңсықбай аға қалың ойға шомды.

Өскен ПІСТЕБЕК,
Мақтарал ауданы,
Түркістан облысы

АДЕБИЕТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Жыр кесте

Руза Жақыпқызы Алдашева ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) журналистика факультетінің түлегі. Теміртаудағы қалалық Құрыш қала КЗ газетінің Бас редакторы, бірнеше жыр жинағының авторы. Кезінде Ақселеу Сөйдімбеков ағамыз «Руза өлеңдері өзінің табиғи болмысымен, шынайы сезімінен нағыз поэзияға тән үйлесім-үндестігімен бауройды» деп баға берген лирик ақынның бір топ өлеңдерін оқырманға ұсынып отырмыз.

Сағыныш толқындары

*Тұрмаса да іш тартып, жылы қарсы ап,
Алматының жүремін мұңын аңсап.
Бауырында қалды ғой қайтып келмес,
Жастық деген жалын мен нұры бар шақ.*

*Шыңдарына шақырған құландарын,
Алатаудың басында мұнар қалың.
Көк аспанға қадалып көз тізем де,
Іштей үнсіз көп жайдың ұғам бәрін.*

*Бүгін тағы толассыз бұрқалы қар.
Көңілімнен күн қайда бұлт арылар,
Салқын қабақ танытып тұрсадағы,
Алматыға жанымның іңкөрі бар.*

*Гүл орнына біткендей жолыма мұң.
Жабырқаймын кей-кейде торығамын.
Алматыға алдымын. Менсіз де онда,
Бақытынан ақын көп соры қалың.*

*Қын түбінен суыранша қылышты,
Саптыаяздың сыны кетпей, сыры қишты.
Азық болды менің нәзік жаныма,
Сен жұтқызған дәмі балдай мұң ішкі.*

*Мұндай мұңды сезінбеген жандар бар,
Мөлдір сезім ой-санаңды мәңгі арбар.
Қала берер қол жетпейтін арман боп,
Бүйіне бойлатпаған заңғарлар.*



*От-сезімнің аялаумен шоқ, күлін,
Беймазалау күй кешумен өтті күн.
Қырық үйден тыйымым бар болғасын,
Алты-аласым, бес-бересім жоқ бүгін.*

*Сан сынаққа шыдап бақтым сабырмен,
(Жан жарам көріш ауылдан табылды ем).
Қиналасаң да, қимасаң да қал енді,
Көктемдегі көз көрген боп қадірмен.*

*Мына өмірдің көктемі өтіп, келді күз,
Кездеспейтін секілдіміз енді біз.
Жырларымен жүрегіңді жаулаған,
Алматыда қалып қойды өңді қыз.*

*Жоқ іздейсің аласұрып желді күн,
Толтырам деп көңіліңнің кемдігін.
Таба алмайсың сабылғанмен, өйткені,
Оны қолдан жоғалтқаның сен бұрын.*

*Махаббаттың мұңы басым, сыйы-бал,
Мені ойласаң Алматыға жиі бар.
Содан бері сен жайында жазылған,
Өлеңімді газеттерден қиып ал.*

*Оқы, сосын өкін, мейлі жылап ал,
Ақтығымен асқақ мендік тұрады ар.*

*Жанымызда жазықсыз жандар бар ғой,
Оларда да жоқ кінә бұл арада.*

*...Мөлдір тамшы мәлт етіп жанардағы,
Соңғы сия сарқылды қаламдағы.
Өлеңіммен оңаша қалдыр мені,
Хабарласпа, осымен тәмам бәрі.*

*Алаулайды берместен жанға тыным,
Жүректегі жастықтың бір белгісі.
Ақ жауыны себелеп Алматының,
Тірі жанға келмейді сыр бергісі.*

*Ол күндердің, тіпті ерек сағынышы,
Ұмытуға бола ма қыз-көктемді.
Шайытымның басты да тағы мысы,
Қайтқан құстай көп елес тізбектелді.*


*Тыңдағанда дірілдеп күз ызғарын,
Қиялыма күмістен тағам қанат.
Татымдырақ болса деп тұзым, дәмім,
Күн кешемін өйтеуір алаңдап-ақ.*

*Өтседағы жылжып жыл тағы жүз, мың,
Ғашықтарға неліктен сор, мұң лайық?
Қолтығына су бүркіп сары күздің,
Жапырақтай желе қиқан болдым гайып.*

*Тірішіктің шыға алмай
уысынан,
Кеудемізде тынымсыз
жүрді майдан.
Жолы тайғақ тар көше
бұрышынан,
Кезіктірдің дәл мендей
кімді қайдан?*

*Болмасам да баянды
ырыс, баян,
Мөлдіреп тұр
мұң толы естелігім.
Ұмытуға сондықтан
тырыспадым,
Алысқа ұзақ*

*кетсе де
көш-көлігің...*



БҮГІНГІ САТИРА



Ауылдан тай-құлындай тебісіп бірге өскен Ақалақ дос осындағы құрдас Пықыптың алпыс жас тойына келіпті. Бұны күтіп алу менің меншігіме жүктелген. Ерте келген екен, құрдасты зерікпесін деп атакты әншінің концертіне апардым.

Дән риза, келе жатып:

— Бұрынғылар бір-екі ән айтса: «Ән айтсаң да жаныңды жеп айтасың» деуші еді... Мынауың ғажап, үзбей-жармай екі сағаттан астам шырқаса да былқ етпеді! Неғылған күш-қайрат, неғылған ерік-жігер! — деп тамсанғанында:

— Е, ол фонограмманың арқасы! Таза дауысымен айтып көрсінші! — деп едім, Ақалақ айтқаныңды түсінбедім дегендей бажырая қарады.

Фонограмманың дайын дүние екенін, тек соған ілесіп айтқан болсаң болды деп түсіндірген болдым.

Жасасын фонограмма!

— Пәлекет, бәсе! — деп Акекенде оны іліп ала қойды.

Пықыптың тойындағы кідіріс-мүдірісі жоқ, кілен даналық сөздерден құралған тілектерге Ақалақ аузын ашып, көзін жұмып тамсанумен болды.

Үйге келген сон:

— Қаладағы сендердің тілек сөздеріннің жанында біздікі жіп есе алмады. Ойпыр-ай, бірінен-бірі асып төгілген, неғылған ғажап сөздер! — деген сон:

— Ол да дайын пәлекет... — деп мінгірлеп едім:

— Не, сен де фонограммамен сөйледің бе?! — деп ажырая қарады.

— Заман солай, технологияның енбеген есігі, кірмеген тесігі қалмады, — деп төменшіктенген болдым.

Ертесінде Пықып алыс-жақыннан келген құда-жекжаттарының басын қосып дастархан жайған екен, үлкен асқа бата беруді менен сұраған сон, қылтеміріді байкатпай құлағыма іліп, жанқалтамдағы

аппаратымның нүктесін лып еткізіп басып сөйлеп кеп бердім...

Ара-арасында Ақалаққа көз тастап едім, пәлекет ыржиып «ұйып тындап» қалыпты.



Біткенімде алыстан келген құда-жекжаттар: — Әй, бәрекелді, міне бата! — деп

ризашылықтарын білдірді.

Бұл «жетістіктерге» Ақалақ достың риза болғаны соншалық, кетерінде екі-үш күн кідіріп, қоярда қоймай әлгі тост сөзінен батаның екі-үш үлгісін жаздыртып алып, түн баласы көз ілмей менің тәжірибемді үйреніп ауылына аса риза кейіппен аттанып кетті...

...Бірде-бір жаназада... жаназа оқып отырған молдекеннің құлағынан таныс қылтемірді көзім шалып... Бейіт басында да, келген соңғы оқылуда да молдекен саспады. Мұндайда молдекеннің аппаратының батарейкасы бітпей абыроймен алып өтсе екен деп тілейді екенсін...

Біздікінде болып тұрады, ондайда карабайыр сөзбен іліп әкетіп, тегі болмаса сөзімізді сол тұстан бітіре саламыз... Е, молдекен де сөйтер, не нәрсенің де басы мен аяғын түгендеп жүрген кім бар бұл дүниеде... Сонымен айтарым — жасасын жана заман, жасасын жана технология, жасасын фонограмма!

Берік САДЫР,
сатирик



Елбасының шешімімен шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып жарияланды. Осындай сәулелі сәтке орай, бірінші шілдеде Астана төрінде 2 мың домбырашы бір уақытта күй тартып, ұлттық аспаптың қоңыр үнін Сарыарқа төсінде асқақтатты.



Атадомбыра

Көненің көзі, ғасырлардың үні саналатын ұлттық құндылықтың тарихы тым тереңде екенін бәріміз біле бермейміз. Тарихи тамыры бірнеше жүз жылдықтарға тартатын қасиетті аспап халқымыз үшін әлі құнды. Алтай тауының бір үңгірінен V ғасырға тән көне домбыра табылыпты. Қазіргі есеп бойынша, бұл жәдігер аспаптың 1500 жылдық тарихы бар. Бұл деректі түрколог ғалым, Қаржаубай Сартқожаұлы e-history.kz сайтына жариялаған мақаласында келтіріп отыр.

Моңғолия жерінен табылған көне домбыраға түрколог-ғалым



Ц.Төрбаттың «Жарғаланат-Кайырханнан табылған саз аспабы» атты мақаласынан алынған. Домбыра тұтас ағаштан ойып, шабылып жасалыпты. Қасиетті жәдігердің жалпы ұзындығы 72,3 см. Шанағының ұзындығы — 35,3 см, ені — 10 см. Шанақ бетінің қалыңдығы 1,79 — 4,21 мм. Аспаптың мойны қазақтың қарапайым домбырасына ұқсайды. Шертпе аспаптардың ең көнесі және атасы осы абыз домбыра екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Еуразияның қос құрлығында домбыра аспабы мол тарағанын көрсететін тілдік дерек те жеткілікті.

Түркі тектес қазақта, қарақалпақта, ноғайда — домбыра, тывада — дамбыра, қырғызда — комуз, түркіменде — тамдыра, өзбекте — тамбур, орыста — домра, ауғанда — дамбура, моңғол тектес халықтарда — домбыр, бурятта — домбыр, калмақта дүңгірмә деп аталады. Бұл атаулардың осылай қалыптасуы домбыра аспабы Еуразия халықтарының



«Атадомбыра» деген атау беріпті. Саз аспабының сипаттамасы моңғол зерттеушісі

ортасына қаншалықты дәрежеде танымал екендігін көрсетеді.

Ақтамберді САДЫХАН

«Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы» ЖММ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ бизнесті қамтамасыз ету жөніндегі бас директоры, басқарма мүшесі Біржан Жетпісбайұлы Дүйсембеков пен оның туған-туыскандарына, жақындарына қайынатасы

Әнуарбек Құсайынұлы Әбдіқалықовтың

мезгілсіз дүние салуына байланысты қайғырып, көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!



Republic of Kazakhstan



Assy Valley



Republic of Kazakhstan



Assy Valley



Assy Valley



ASSY VALLEY



ok, Kazakhstan!



Талғат ӘШИМОВ – кәсіби фотосуретші

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2120;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 50 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.